

романы қажетті элементтерді қамтиды: іс-әрекеттің қараңғы жерде өтуі, елестер мен байрондық Хитклиф бейнесіндегі кейіпкер. Бірақ романның бас кейіпкері жай ғана қамауда емес, ол патриархалды қоғам мен жыныстық кемсітушілікті басынан кешіреді. Әпкелі Бронте кейіпкерлері әйедер романының готикасына әлеуметтік астар әкелді.

Жанр сол кезеңге сәйкес Чарлз Диккенс тәрізді жазушыларға да өз әсерін тигізді. Ол готикалық романның бастауында «қалалық готкалық роман» ретінде тұрды. Оның шығармаларының беттерінде Лондон көшелері қорқыныш ұялатады. «Оливер Твист», «Зор үміттер», және «Суық үй» сынды романдар готиканы қалалар даңғылы мен көшелеріне әкеп соқты.

Диккенс ізін 19 ғасыр жазушылары жалғастырды. Викторияндық кезеңнің аяқталуымен готка екінші рет өмірге келді. Бұл Роберт Льюс Стивенсон («Доктор Джил иен мистер Хайдың ақылға қонбайтын оқиғалары»), Генри Джеймс («Винт бұрылысы») мен Оскар Уайлдтың («Дориан Грей портреті») арқасында жүзеге асты.

Готикалық жанрдың ең танымал антоганисті – граф Дракула – Грэм Стокер шығармасының беттерінде алғаш пайда болды. Стокер жазушылар назарын Трансильвания мен Батыс Еуропаға аударып, аталмыш жерлерді готкалық романдардың сүйікті мекеніне айналдырды. [2, 43]

Қазіргі фантаст және басқа жанрларда да қалам тартатын жазушылардың көбісі өз шығармаларында готка жанрының элементтерін қолданады. Эйн Райс шығармалары мысал бола алатын қорқынышты готикалық романдар 18 ғасыр мен қазіргі заманға тән әдеби түрдің еркіндігін сәйкестендіреді. Стивен Кинг пен Дафна ДЫЮ Морененің кейбір шығармалары готикалық болып саналады. Готиканы танымал ететін қансорғыштар жайлы оқиғалар. Сондай-ақ Нил Гейман, Терри Пратчета тіпті Дэн Браунның біршама шығармаларын готикалық жанрға жатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.
2. Соловьева Н. А. История зарубежной литературы. Преромантизм. - М.: Академия, 2005. - 272 с.

КӘМЕЛ ЖҮНІСТЕГІНІҢ «АРМАНЫМ ОТТАН ӨРЛІГЕН» АТТЫ ӨЛЕҢ КІТАБЫНДАҒЫ ЛИРИКА МӘСЕЛЕСІ

*Кәмели Ә.Ш., студент,
Жетекшісі: ф.ғ.д, профессор Смағұлов Ж.Қ.,
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Лирика, бұл сөзге үнілер болсақ, шындықты, қиялды, тапқырлықты адамның көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезімін астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма десек болады. [1] Сонау сақ, ғұн дәуірінен бастау алатын әдебиет тарихымыз осы уақытқа дейін тек гүлдеп, көркейіп, тамыры тереңге жайылып, қаншама ақын – жазушының бағы сыналуда. Ал біз көбіне прозаик ретінде танитын Кәмел Жүністегінің поэзиясы, дәлірек айтсақ лирикасы туралы не білеміз? Өз тағдырында талай шындықты бағындырған, қазағым деп жанын пиде етуге даяр жазушының алғаш әдебиетке мойын бұруы осы өлең жолынан басталды десек артық болмас. Алғаш өлеңін 15 жасында мектепте оқып жүріп, сол уақыттағы мектептің жағдайын сипаттай отыра,

Отырмыз әрең қалтырап,
Қайтесің бізден хал сұрап?..

Бұрқыраған буымыз
Жағаға қатып, жылтырап...

Қатып қапты сиямыз,
Саусақты әрең жиямыз.

Башайлар да илікпес,
Сонда да мектеп – ұямыз, [2, 5]

-деп, не де болса, болашақ алар білім үшін, оттың ыстығына күйіп, суығына жаурауға даяр екенін жырлайды. Мектеп кезінен оқытушыларынан тарих, әдебиет сабақтарында батырлар, хандар, жыраулар туралы ізденіп, ұстаздарымен сол кездері тыйым салынған ұлтшылдық хақында айтысқа

түскен бозбала өзіне осындай мақсат қоя білген.

Кәмел Жүністегі лириканың қандай саласына болмасын назар аударған. Ол - сыңғырлаған сөздің емес, терең ойдың, мәнерлі мазмұнның зор болуына мән берген, халқымызға деген, туған жерімізге деген сүйіспеншілік, Отан деген ұлы сөздің жүрегінде мәңгі екенін «Қасиетті шоқпар», «Қазақ ек...», «Уық», «Сарыарқа», «Туған ауыл түтіні», «Қайран елім», «Туған ел лебі» сияқты жырлары дәлелді. Азаматтық, адамдық, адамгершілік сезімдерін биікке қоя білген ақын адам баласының адамдығын, азаматтың азаматтығын, батырдың ерлігін, жігіттің жігіттігін танытатын қасиеттер де осы де біліп, азаматтық лирикада өзіндік үн қоса білген.

Ер азығы, бөрі азығы жолда деген қазақ ек,
Қиын-қыстау қарайлама жолға деген қазақ ек,
Ер мойнында шірімес-деп – қыл арқан,
Көн кітаптың ту сыртына жазып ек.
Ақсақалдың билік сөзін тыңдаушы ек,
Ақ алмастай сөзді баптап шыңдаушы ек,
Ер жігіттің өр боп өскен көңілін,
Үлкен-кіші әзіл-шынмен сынаушы ек... [2, 78]

«Қараңғыда сарнаған домбыра» өлеңінде терең сыр, айтылмаған құпия жатыр:
Әкем шіркін қараңғыда тартушы еді домбыра,
Ол қайғыны біз түсіндік соңыра.
Домбырашы емес еді ол бірақ,
Шешем соны тыңдаушы еді дамылдап...

...Елес беріп аштықтың да азасы,
Қанды сүргін, талай елдің қазасы.
Күніреніп, күйретіліп тоқтаушы еді бұл күйді,
Қараңғылық басып бізді мүлгітін... [2, 116-117]

Өз заманынан бұрын өмір сүрген ұлыларды керемет бағалап, ұстаз тұтып, сағына білген, дарындарын бағалай отырып, «Мұхтар Омарханұлына», «Махамбетті сағыну», «Әл -Фараби», «Қазақ ұлы Жалаңтөс», «Құрманғазы» өлеңдерін арнаған.

Әл-Фараби, әл муслим, әл сани,
Сол заманда қазақтарың білген екен хат тани,
Түріктердің түпкі пірі, данасы,
Адамзаттың ақыл, ойын санасы,
Көзі ашылып, көкірегі оянған,
Кімде -кімдер іліміне жанаса. [2,88]

«Ақсақалдар», «Сақал», «Өкініш» өлеңдерінде көпті көрген даналар, қарияларды ерекше дәріптей отыра, «ойда жоқта біз қалыппыз ірі боп» [2, 120-121] деп, сол ақсақалдардың орнын басқан шаққа жеткеніне сенбей, «Уақыт... Ғасыр», «Бұйырма бізді айыпқа» өлеңдерінде өткенге деген өкініш, өмірдің сырғып аққанын, енді болашақ тек жастар қолында екенін нақтылай түскендей:

...Сенде үміт, сенде тілек, келер ғасыр жұлдызы,
Сенде бірлік-бәрекесі, адамзаттың дәм-тұзы.
Аман болғай бар қатерден жұмыр жері Алланың,
Өсе бергей, өне бергей қазағымның ұл-қызы. [2, 117-118]

Қазақ десе ішкен асын жерге қояр Кәмел аға Мұхтар Әуезовтың «Қыз тәрбиесі – Ұлт намысы» [3], деген сөзімен толық келісе отыра:

Әйелдің жақсысы ағайын дегені,
Жыртығы болса жамайын дегені.
Үлкеніне иіле біліп,
Кішісіне байғазы тағайын дегені. [2, 76]

-дей келе, сонымен қатар «Қазақ қызы», «Жас гүлге», «Сақай жеңгеме», «Кей келіншекке», «Қазақтың келіншектері», «Пысық», «Біреуге», «Ей, шырағым...» деген өлеңдерінде қазақ қыздарының болашағына үлкен жауапкершілікпен, қауіппен қарайды:

Ей, шырағым, қазақпысың?
Қазақпыз.

Кешеуілдеп, өспей қалған азақпыз.
Сүйіспеуші-ед аталарың көшеде,
Жасың сенің нешеде?
Мына қызда ұят бар ма, апырмау,
Автобуста жаластыңдар отырмай,
Тап сендерден жұрт ұялып жасқанды,
Менің көзім кезіп кетті аспанды.
«Ескілікті мылжымаңыз, шорту шал,
Тыныш жатып болмайма екен бақса мал,
Түсінбейді де прогрессивті біздерді,
Қайдағы ұят- әдепті кеп іздейді.»
Ей, шырағым қазақпыз ғой, қазақпыз,
Ұят бар деп көн кітапқа жазыппыз,
Мен сияқты атаң бар ғой үйінде,
Сенде ата-ана боласың ғой түбінде.
Алға қарап отырайық біз енді,
Ең болмаса жаба көрші тізеңді,
Азғантай-ақ ұялсаңшы қарттардан,
Өмір озып, талай азап тартқаннан. [2,99]

Жазықсыз жала құрбаны болған Кәмекең лагерьге айдалып, балғын жастық шағының біраз айдауда өткізгенде, туған жерін, елін бір сәтке де есінен шығармай, Кеңестік зорлық-зомбылыққа ерлікпен төтеп беріп, елге оралып, «Алашым!»деп ұрандаудан қайтпаған:

Үміті шығар ұлтымның,
Алау боп Алаш көрінген.
Көзімнен тамып ыстық жас
Сағындым дала, сені мен... [2,46]

Бойын қайтпас қайсарлық билеген ердің, елге келген соң да соңынан тыңшылар, қызметі үшін жанын сатқан белсенділер қалмаған. Жазушыны тек тәуелсіздіктен кейін ғана біршама уақыт өткен соң тани бастаған, ардақтай бастаған. Оны ақын Сайлау Байбосынның мына өлеңінен көруге болады:

Жүрегін жыр емдеген, ән емдеген,
Алдыда ағамыз бар Кәмел деген.
Кеңестің қан сасыған заманында
Қазақта намыс барын дәлелдеген. [4]

Түрмеде болған уақытында қойнына ұясын қорғаған шымшықтай қорғаштап тығып жүрген қалың дәптер өлең жинағынан елге тек он шақтысын алып шығуға мүмкіндік болған. «Туған ел лебі», «Қарлығаш», «Гүлге», «Темірастау-Қайрақты», «Домбыра», «Арманым оттан өрілген», «Ару кайда?», «Дала», «Тор терезе, шолпан, бозторғай, бозінген...», «Тамшылар – арманның көз жасы».

...Ойдамын!

Жылтырап жанған түнгі оттай,
Тулаған қиял төрнде,
Іздеген жетер, ерін бе.
Сонау маздап көрінген,

Арманым-оттан өрілген... [2, 46]

-деп ой толғаса, енді бір ұйқысыз өткен түндерді жырлайды:

Тор терезе, әлсін-әлсін үңілем,
Мықты күзет, неге алаң көңілім,
Ұйқысыз түн барады өтіп сызылып,
Жұлдыздары шеру тартып шебінен. [2, 49]

Ақынның «Қайтесіңдер қудалап», «Нең бар менде» деген өлеңдерінде туа біткен табиғатына, патриоттылығына, ұлтшылдығына налу байқалады:

Тілім менің,
Дінім менің,
Тілім менің,

Жауым менің,
Басыма түскен дауым менің.
Тек шындықты айтамын деп,
Дос көңілден айырған сен,
Сол шындықты айтумен тек,
Қас жауымды қайырған сен. [2,76]

-дегенімен, «Дүниенің қызығын, өмірдің азабымен іздеген адам» [5] ешқашан да қиын жолға түстім-ау деп алған бетінен қайтпаған, «Кәмел, сен» деген өлеңінде өз – өзіне дем беріп, адам өз ұятының әміршісі болуы керек екенін, бұл жолдан еш таймау керек екенін тек серттей түскендей.

...Елінің еріне,
Тау-тастың жеріне,
Даланың желіне,
Көк бұйрат беліне,
Арқардың сәніне,
Жүйріктің деміне,
Құс-қудың әніне,
Ғашық,
Өмірге құштар, соншама асық,
Сенсің! [2, 62]

Азаматтық лириканы басты серік еткен жазушы табиғат лирикасынан да мақұрым болмаған. Оның «Боранда», «Күз», «Шарбы бұлт», «Бұрқак», «Тұман», «Жұлдызға», «Арқа бораны», «Өзенге», «Жағада», «Тұңғиық, түпсіз қара су». Ол өлеңдерінде Адам – Табиғат – Өмір сияқты философиялық ұғымдарды біртұтас диалектикалық байланыста қарастырады.

Түтеп боран өр күшін жеткен бе,
Жер менен көк бір тұтасып кеткен бе?
Бұлдыр-бұлдыр сұрғылт перде көз алдық,
Сәл адассаң, ей, жолаушы, өкінбе.
Жұлқылайды шапаныңды қасқыр болып,
Тізеңе кеп оралады «таксырлап» ,
Желпіп бетті, өңменіңнен қағазы,
Ауруыңнан ұшақтаған бақсы боп.
Соқты боран, салды дүрмен жаныма,
Көкіректі тұрдым тосып жолына.
Оралып жүр, қытықтап жүр, тербеп жүр,
Ыстық от боп ол тарайды қаныма. [2, 31-32]

Есенин өлеңдерінде сұлулықтың нышанын атып келе жатқан арайлы таңның сәулесінен іздеу басымырақ келсе, Кәмел Жүністегінің поэзиясында керісінше қоңырқай кештің мезгілін адамның өмірімен байланыстырып, көзді ашып-жұмғанша өте шығатын жалған тіршіліктің табиғатына үңілу жиірек ұшырасады.

Түнгі аспан серпіледі жай ғана,
Ауып жұлдыз, бозаң тартар айнала,
Қайтар мезгіл болғанға да ұқсайды,
Тыншығыпты қарауытқан сай-сала.
Өзен суы жылжып жатыр ақырын,
Асар әлі шақырымнан-шақырым,
Сырласқан жас келсе тағы бойыңа,
Айта берші келер сәттің жақынын. [2, 35-36]

«Ақынның жүрегі осал, ақын да адам...» [2, 18] Ақын жаны ең сезімтал, ең эмоционалды болатыны мәлім, яғни өмірлік сүйеу болар жар іздейді, махаббат лирикасы жолында да аз тер төкпегені мына өлеңдерінен байқауға болады, «Күттім жауап», «Іздедім», «Тереңді қақпадым», «Екеуіміз», «Үмітпенен», «Есімде», «Сенбісің?» т.б.

Келші бері, сескенбеші бекерге,
Әлде сенің тынышыңды бұздым ба?

Сәлем айтқам сансыз рет кетерде,
Бар қалауым, о Тәңірім, бұл қыз ба? [2, 18]

-деп, өз қалауын Тәңірінен сұраған ақын, сұлу қыздың көркін тамаша суреттеген:

Қара көз, қазақ қызы, торғын жүзді,
Қай жігіт күрсінді де, көзін сүзді.
Киіктің лағындай жаутаңдаған,
Жел сүйіп, ойнақ қаққан құла түзде.
Бұлақтай таудан аққан сылдыр-сылдыр,
Лебізің есіледі сыңғыр-сыңғыр.
Бір жақын, кейде алыстап көзден ұшқан,
Даланың сағымындай қаққан бұлдыр. [2, 39]

Кәмел Жүністегі бұл жерде қазақ қызын киіктің лағына, дала сағымына теңесе, енді бірде «Жас гүлге» өлеңінде қыз балаларға жастық шағындағы махаббаттың бір демдік қана ләззат екенін айтып, өзінің ақыл – кеңесі мен шын ықыласын білдіреді:

Тым жассың ғой, махабатқа ертерек,
Шарпып өртке жас жаныңды не керек,
Қабыл алсаң мен бір ағаң болайын,
Асылатын мойынына еркелеп. [2, 33]

Махаббатты тек сүйген жарына ғана емес, өз перзентіне, ата – анаға, дос – жарандарына махаббатпен қарауға шақырады. Өзі де осы тақырыпта ерекше толғанған. «Достарым», «Досым – ай», «Әке», «Ініме», «Шешем менің», ал балаларына деген ерекше ықылас «Перзентіме», «Үш балама», «Балама» т.б.

...Әкең алыс, қолда – шынжыр,
Түрмешілер бүгін жым – жырт.
Иттері де үрмей қапты,
Күнде арпалыс боп жататын,
Рельсті ұрып, даңғұр – дұңғыр.
О, сәбиім, кешір мені,
Өкініштің бар ма теңі?!
Саған шоқ гүл бере алмадым,
Өкпелеме сүйдім сені.
Сонау шеттен алыс әкең,
Ұзақ өмір тілек етем.
Тербетермін әлденеше,
Сенем, сәби, саған жетем. [2, 43-44]

Бұл өлеңнен ақынның ауыр тағдырын, Алашым деп жазықсыз құрбан болып, қатал өмір тіпті маңдайға біткен асыл бақтың, алғаш перзентінің, жас сәбидің бетінен бір иіскей алмай жаны қиналып, сырты білдірмегенімен іші алай – дүлей болып жатқан ақынды түсіну оңайға соқпас.

Поэзияға ерекше сүйіспеншілігінен туындаған әрі композиторлық дарыны да бар ақынның әндері де бар: «Сарыарқа самалы», «Жаз келді», «Тағылым», «Жорық әні», «Қасиетті туған жер».

Самалыңнан сыр шерткен,
Жұлдыздары жыр төккен.
Қасиетті туған жер,
Топырағыңнан жаралдым.
Қайғы басып, мұң шалса,
Жар тасыңда дем алдым.

Қайырмасы:

Е- ей туған ел,
Кең жазира бұйра бел,
Қызғалдағы жайқалған,
Көлінде аққу шайқалған,
Абзалы мен аруын,
Мәпелеген қайран ел! [2, 90-91]

Лирикалық өлеңдердегі басты тұлға «лирикалық қаһарман», яғни, басқа сөзбен айтқанда лирикалық «мен». Гегельдің айтуынша, «лирикалық өлеңінің нақ ортасында жырдың бүкіл бітім-болмысын әйгілейтін нақты субъект ретінде ақындық «мен» жатуға тиісті. Сонымен қатар кез-келген лирикалық өлең (Өлең – сезім+ой+сюжет+композиция – ақиқат) негізінде құрылып, ақынның «көңіл жүрегінің сүзгісінен» таза да табиғи күйінде шаққанда ғана әрлене түседі.[6]

Кәмел Жүністегінің лирикалық өлеңдеріндегі жырдың өне бойындағы ішкі қоңыр ырғақ жүрек түкпірінен үн тартып, сыршыл әлемнің тұңғығына терең бойлатып, тау суындай таза да табиғи қасиетімен көңілді баурайды. Ақынның өлеңдерін оқып отырғанда «автордың айтпағы не?» деген сауал туындамайды. Сіздің алдыңызда бар сырын жасырмай ақын өзі сөз салады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyrmasyi/26865/
2. Кәмел Жүністегі «Арманым оттан өрілген». Фолиант баспасы, Астана – 2011.
3. Мұхтар Әуезов «Адамдық негізі - әйел». «Таңдамалы», 1997 (327-328, б.).
4. <https://m.facebook.com/photo.php?fbid=332566427079420&id=100009781962892&set=t.100009781962892&source=42>
5. Көпен Әмірбек «Сәкеңмен бәріміз де сырлас едік» (осы кітапқа жазған қолтаңбасы)
6. Гегель В.Г. «Эстетика». В.4. – М., 1968.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ШАРТТЫ-МЕТАФОРАЛЫҚ ПРОЗА

*Қарабаева А.С., студент,
Ғылыми жетекші: Такиров С.У.ф.ғ.к., доцент
Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі кезеңнің әдеби процесі – күрделі және қайшылықты құбылыс. Сол себепті сыншылар мен ғалымдарға бүгінгі әдебиетке объективті баға беру қиынға соғып тұр. Қазіргі жазушы да басқа. Оның туындысы қалыптасқан дәстүрлі шығармаларға ұқсамайды. Сонымен қатар оқырман да өзгерді.

Социалистік шындықтың байлығы мен алуан салалары шынайы шыншылдықпен, асқан көркемдікпен бейнеленген озық идеялы советтік көркем әдебиетте метафораның қырлары мен сырлары барлық саласынан көріне бастады. Жаңа заманның жасампаз туындылары филология ғылымынан метафораны жаңаша зерттеуді, оның ескі сары сүрлеудің тапталған қайталаулардың дереу шығуын, теориялық тың талдауға көшуін талап етті. [1, 7]

Қазіргі әдебиеттің эстетикалық принциптері мен философиялық тұжырымдары алуан түрлі болып келеді. Ол үш көркемдік жүйенің арнасында дамиды. Олар – реализм, модернизм және постмодернизм. Осы үш көркемдік жүйелердің ішінде негізгісі – реализм. Реализм жүйесі үш бағытты (ағымды) қамтиды: неоклассикалық (дәстүрлі), шартты-метафоралық, «басқа» проза. Цензуралық әдебиеттен шартты-метафоралық проза пайда болады. Бұл түсінік 1960 жылдың ирониялық «жастар» прозасына еніп, «фантастикалық реализмнің» дәстүрін жалғастырады. Ал шартты-метафоралық прозаның биік шыңы 1980 жылдың ортасында көрініс тапты.

Кешегі кеңестік дәуірдегі қалыптасқан әлеуметтік жағдайда жазушылар өздерінің саяси жүйеге деген қарсы көзқарасын ашық білдіре алмаған. Қаламгерлер шығармаларында ойдан құрастырылған кейіпкерлер түрлі әрекет ететін ғажайып, фантастикалық әлемдер ойлап табылды. Фантастикалық әлемдегі бейнелер арқылы авторлар қазіргі қоғамдағы көкейкесті жағдайларды көрсетіп отырған. Осыған байланысты қазақ әдебиетіндегі соның бір көрінісі ретінде Бердібек Соқпақбаевтың «Ергежейлі еліне саяхат» шығармасын алуға болады. Шығарманың үзіндісі алғаш 1966 жылы «Пионерлер» газетінде, ал ең алғаш толық нұсқасы 1990 жылы «Жұлдыз» газетінде жарияланаған бұл шығармада КСРО-ның саясаты ашық сыналады, тап сол қиын-қыстау кезеңдердегі тоталитарлық жүйеге деген қаламгердің наразылығы көрініс табады. Бұған дәлел ретінде хикаяттағы мына жолдарды келтіруге болады:

«- Ергежейлі халқын бақытқа жеткізуші данышпан көсем жасабол жасасын! - деп, айқай салған ұранмен аяқтадым.